



Маргарет Тэтчер –

темір ханым.

Қарабекова Б.М

МО-43к

Көшбасшы(лидер)- (ағылшынша *leader* — жетекші) — қоғамға, ұйымға немесе топқа ықпал етуге қабілетті тұлға. Халықтың немесе белгілі бір әлеуметтік топтың мақсат-мүддесін толық сезініп, қорғай білетін, бойына саяси қайраткерге лайықты қасиеттерді жия білген адам Лидер ретінде танылады. Лидер алға қойған мақсатқа жету үшін белгілі бір әлеуметтік ортада адамдардың күш-жігерін біріктіріп, іс-әрекетін қоғам мүддесіне сай жүргізеді.







Маргарет Тэтчер (қыз кезіндегі аты-жөні Маргарет Робертс) 1925 жылғы 10 қазанда бақалшы отбасында дүниеге келген. 1947 жылы Оксфорд университетін Бітірген . Университетті бірітген соң химик болып алдымен Мэннингтон, Эссекс графтігінде, кейін Лондонда жұмыс атқараған. 1953 жылы заңгерлік білімін алып,салықтық құқыққа байланысты адвокаттық практикадан өтті.Бірінші нағыз саяси мансабын (1950 жылы ол парламентке сайланады)

Маргарет күйеуге шыққандығына және егіз баласы (Марк пен Кэрол) болғандығына қарамастан отбасы — ошақ қасымен шектелмей мемлекеттік істерден қол үзген жоқ.





© PA



© Daily Mail / Rex Features



1970 жылы Маргарет Тэтчер
Эдвард Хит үкіметінде оқу
және ғылым министрі болды.

1975 жылы Эдвард Хиттің
консерваторлар партиясында
жетекшілік орынды иеленіп,
ол консерваторлар
партиясының белсенді
мүшесіне айналды.

1979 жылы партия жалпы
сайлауда жеңіске жетті және
Тэтчер британдық тарихта
тұңғыш рет әйел премьер-
министрі болды.



■ Маргарет Тэтчер үкіметті басқарумен қатар өз идеяларын табысты жүзеге асырды. Өткен жүз жылдықтың 70-ші жылдары консерваторлар үшін сәтті болды. Билікке консервативтік саясатшылар келіп, консервативті идеялар кеңінен тарала бастады. Ол бірден салықты төмендетіп, үкіметтің кәсіпкерлерге бақылауын әлсіретті. Ол үшін әрбір британдықта жеке үйінің, меншіктің кез келген түрінің: қозғалмайтын мүліктің, автокөліктің болуы немесе акцияларды иеленуі аса маңызды еді.

■ «Меншіккерлер демократиясы» немесе «Халықтық капитализм» тұжырымдамасы Тэтчер қолындағы аса құнды бағдар болды.



- М.Тэтчердің философиясы мен практикасы саясат үшін өте сирек **«тэтчеризм»** деген сөзбен аталды. Тэтчеризмнің ерекшелігі — оның шағын бизнесті қолдап-қуаттауы. Тэтчердің ұсақ буржуазиялық құндылықтар: ұқыптылықты, еңбексүйгіштікті, шаруашылықты үнеммен жүргізуді, өз ісін ашуға деген ұмтылысты насихаттауы кездейсоқ емес. Өзінің ұсақ саудагер отбасынан шыққандығын Тэтчер нағыз жарнамалық науқанға айналдырып, өзінің қоғам алдында **«халықтан шыққан адам»**, **«әйел-ана»**, халықтың мұң-мұқтажын бөлісуші және көңіл-күйін түсінетін тұлға ретінде көрсете білді.





Тэтчердің ұтқан жері — оның шағын бизнесте экономикалық өрлеуді: техникалық жаңалықтарды игеруді, икемділікті, уақыт талабына ілесе білуді көре білгендігі. Ол өзінің практикалық дағдылар мен іскерлігін әкесінің дүңгіршегінде жүрген уақытында шыңдаған болатын, ал студенттік шағынан бастап ол экономика негіздерін де меңгерді, өзіндік ойлау қабілеті мен батыл қадамдары тэтчеризмнің оң ісін ақыр аяғына дейін жеткізді.

Тэтчеризм ретінде неоконсерватизмнің британдық нұсқасы түсіндіріледі, оған Маргарет Тэтчер қайталанбас әйелдік нақыш пен тың серпіліс берді. 80-ші жылдардағы Ұлыбритания **«айбынды арудың»** жігерлік қызметінің ықпалымен дамыды. Бұл үрдіс қойылған мақсаттан бір адым ауытқыған жоқ. Ағылшын тарихында билікте болған, ұзақтығы бойынша 18-ші ғасырда премьер-министр лауазымы енгізілген сәттен бастап, жетінші



- *Тэтчер жақтаушылары мүмкіндіктер теңдігін қолдады: барлық адамдардың өмірдегі мәрелік жағдайы бірдей, алайда бұл ешуақытта нәтижелер теңдігіне жеткізбейді. Адамдар пайданы бөлісуде де, ақыл-ой қабілетін көрсетуде де бірдей емес. Олар тіпті заң алдында да тең емес. (Бай адамдардың кедейлерге қарағанда жақсы адвокатқа ақша төлеу мүмкіндігі жоғары) Тэтчер саясатындағы негізгі сәт — оның «әрбір адамның маңызы бірдей» деп санауы. Сыртқы және ішкі саясаттағы Тэтчердің қатаңдығы оны «айбынды ару» атандырды. 1990 жылдың аяғында оның танымалдығы төмендей бастады. Оны маңызды мәселелерді шешуде шектен тыс «өзім білемдікке» салынды деп айыптай бастады. Ол қайтадан консервативтік партия басшысы болып сайланбады және қызметінен кетіп, орнын Джон Мейджорға босатып берді.*

Марагарет Тэтчер

Лидер

Ана, әйел

Тұңғыш әйел премьер-министр

Соммервилл колледжінің Құрметті профессоры

Айбынды әйел

Халықтың адамы

Саясаткер

Корольдік химия институтының Құрметті профессоры

Ұлыбритания Корольдік Қоғамының мүшесі

МАРГАРЕТ ТЭТЧЕР ӨМІРІНЕ ҚАТЫСТЫ БІРНЕШЕ ДЕРЕКТЕР

- 1951 жылдың ақпан айында Маргарет Хильда Робертс (қыз кезіндегі аты жөні осындай) түскі ас кезінде әйелімен ажырасқан, екінші дүниежүзілік соғыстың қатысушысы, бизнесмен Дэнис Тэтчермен кездейсоқ танысып қалады. Сол күні Дэнис жап-жас Маргаретті пойызға шығарып салған. Бұл – әдемі достықтың ғана емес, үлкен махаббатың да бастауы еді. Кейінірек М.Тэтчер былай деп жазады: «Премьер-министр болу – жалғыздықта жұмыс істеу. Бір шетінен солай болуы керек те шығар. Өйткені қалың тобырдың арасында отырып ел басқару мүмкін емес. Бірақ, Дэнистің қасында мен ешқашан жалғызсыраған емеспін. Дэнис менің күйеуім сонымен қатар ең жақын досым, ең сенімді адамым». Сэр Дэнис Тэтчер 2003 жылы 88 жасында қатерлі ісік ауруынан қайтыс болады. 1953 жылы Маргарет пен Дэнистің мерзімінен 6 апта бұрын Кэрол және Марк есімді егіз балалары дүниеге келеді. Кэрол Тэтчер ең алдымен журналист және әке-шешесіне арнаған кітаптарының авторы ретінде танымал. Ал Марк Тэтчердің есімі әлемге шулы оқиғалардың қатысушысы ретінде тарады. 2004 жылы ол Оңтүстік Африка республикасында Экваторлық Гвинея үкіметін орнынан тайдыруға дайындалғандардың бірі ретінде айып тағылып, қамауға түскен. 2005 жылы аталмыш Африка елінде жасалынбақшы болған сәтсіз төңкеріске қатысы барын мойындайды. Өзінің айтуынша, төңкерісшілерге ұшақ сатып әперген. Кейптаун қаласының соты оған жарты миллион АҚШ доллары көлемінде айыппұл салып, 4 жылға бас бостандығынан айыру туралы үкім шығарады

МАРГАРЕТ ТЭТЧЕРДІҢ "ТЕМІР" СӨЗДЕРІ

- 1) “Мен аргументті жақсы көремін, айтысқанды да, бірақ мен отырып алып, менімен келісе бергенді күтпеймін, Сізге жалақы келіскеніңіз үшін төленбейді” (1980).
- 2) “Мен өз министрлерімді көп сөйлегені үшін жазғырмаймын, тек іс жүзінде менің айтқанымды істесе болды” (1980).
- 3) “Пікірлесіңізді құптай беру – онымен жақсы тіл табысудың жалғыз жолы емес”.
- 4) “Егер бұл пойызбен жүруді ұнатпасаңыз, оның ақырын немесе қатты жүргені маңызды емес”.
- 5) “Менің жеке басыма қол сұққандардың әрекетіне тек қана қуанамын. Демек қарсыластарымның менің саяси ісімнен еш кінарат таппағаны”.
- 6) “Жалпы алғанда қоғам деген жоқ, ерлер бар, әйелдер бар, отбасылар бар ” (1980).
- 7) “Фолкленде бізге сыртқы жауларға төтеп беруге тура келді. Бірақ іштен шыққан жаудан сақтану керек. Бостандық үшін ол әлдеқайда қауіпті, оған қарсы тұру да әлдеқайда қиын” (1984 әлде 1985 жылы шахтерлер бас көтергендегі сөзі).
- 8) “Біз әже болдық” (1989 жыл, алғашқы немерелі болғанда).
- 9) “Үй шаруашылығындағы мәселелермен таныс әрбір әйел, ел басқарудағы мәселелерді де жақсы түсіне алады ” (1979 жыл, премьер-министр қызметіне кіріскен кезде).
- 10) “Біздің заманымызда ешбір әйел премьер-министр немесе Сыртқы істер

Қорытындылай келсем, осы әйелге туралы былай деді: «Ұлыбританияда екі қазына бар, соның бірі - мұнай, екіншісі - Маргарет Тэтчер.» Ол мемлекеттік экономиканы жаңа кезеңге алып шығып, мемлекет тарихы мен британдық қоғам үшін өшпес із қалдырды. Бірақ, ең маңыздысы оның жолын қуған алдына мақсат қойған жас әйелдерге ұлы мұра қалдырды.

Назарларыңызға рақмет!!!!